Бекітемін
Мектеп директоры
........ Б. Нургалиев

« Келісемін »
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
........................... Ғ. Қоңғанбаева

## И.Құрманов атындағы орта мектебі
## 2020-2021 оқу жылындағы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары

**Мақсаты:**

- Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру;

**Міндеттері:**

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскеле жас ұрпақтың бойында рухани - адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділілігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарын ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

1. ***«Зерде» (танымдық) бағыты*** - өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманғы ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін, жан-жақты көзқарасының кеңеюін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

**2. *«Руханият» (адамгершілік, адалдық) бағыты*** - балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіңіру. Жақсылық атаулыға деген сезімді арттыратын, жамандыққа жол бермейтін; ата-ана, туыс, достар, ұжым, халқы, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

**3. *«Отан» (патриоттық) бағыты*** - Отанымыз – Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығаю жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шет елде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам-мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қамтиды.

**4. *«Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты*** – ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды игеретін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын шараларды қамтиды.

**5. *«Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты*** – жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өлкесіндегі әр кезеңде еңбегімен танымал болған атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен танысып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері (қолөнер, сурет, мүсіндеу, архитектура, т.б.) туралы түсініктемелерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

**6. *«Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты*** – мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез-құлық ережелерін білуге, оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарына құрметпен қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

**7. *«Экоәлем» (экологиялық) бағыты*** – табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылдыратын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мақсаты | Бағыттары | Мерзімі | Қаралатын орны | Қатысушылар | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | - «Мен өз Отанымның патриотымын!» атты 1 – қыркүйек білім күні мерекесін өткізу.<br>- Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ережесімен таныстыру.<br>- «Жас Ұлан» ұйымының отырысын өткізу(белсенділерді сайлау,міндеттерімен таныстыру)<br>- Салауатты өмір салты денсаулық фестивалін өткізу<br>- 22 қыркүйек –Қазақстан халқының тілдері күніне орай «Ана тілім-ардағым» атты әдеби музыкалық кеш ұйымдастыру.<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | Оқушыларды отан сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тарихын білуге тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік бері. | Руханият<br>Отан<br>Салауат<br>Отан | Қыркүйек | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып жетекшілер ДТІЖО | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер<br>Ұлан басшысы |
| 2 | - 1-қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында кездесу кешін ұйымдастыру.<br>- «Ұстазыма мың тағзым!» тақырыбымен ұстаздардың кәсіптік мерекесін атап өту және мерекелік бағдарлама ұйымдастыру. | Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу,үлкенге ізет, кішіге | Руханият<br>Отан | Қазан | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып жетекшілер ДТІЖО | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер<br>Ұлан басшысы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Ұстаздар мерекесіне орай қабырға газетін ұйымдастыру<br>- «Алтын күз-2020» атты байқауын ұйымдастыру.<br><br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | құрмет көрсету керектігін түсіндіру. | Руханият<br><br>Отан | | | | |
| 3 | - Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушылар тізімін жинақтау.<br>- Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын, тазалығын, кітап тазалығын тексеру.<br>- 19-қараша –«Халықаралық темекіге қарсы күрес» күніне орай іс-шара ұйымдастыру.<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | Оқушылар ды отан сүюге, құрметтеп қастерлеуг е,өз елін, тарихын білуге тәрбиелеу | Отан<br><br>Экоәлем<br><br>Салауат | Қар<br><br>аша | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып жетекшілер ДТІЖО | ДТІЖО Тәлімгер<br><br>Ұлан басшысы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | - 1желтоқсан «Тұңғыш Президент» күні мерексіне арналған іс-шара ұйымдастыру.<br>- Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушыларды салтанатты жиынға дайындау.<br>- «ҚР Тәуелсіздігі» мерекелік кеш<br>- Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиынын өткізу.<br>- «Кел жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастыру.<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | Оқушыларға патриоттық, отанға деген сезімін ояту, елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу | Отан<br><br>Руханият<br><br>Отан | Желтоқсан | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері<br>Сынып жетекшілер<br>ДТІЖО | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br><br>Сынып жетекшілер<br><br>Ұлан басшысы |
| 5 | - «Қайсарлық пен батылдық» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу өткізу.<br>- «Достық қымбат өмірде» дөңгелек үстел.<br>- «Ең бағалы күнделік !»<br>«Ең таза күнделік» | Оқушыларға достық, өзара сыйластық ұғымдарының адамгершілік құндылықтарын ұғындыру | Руханият | Қаңтар | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері<br>Сынып жетекшілер<br>ДТІЖО | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br><br>Сынып жетекшілер<br>Ұлан басшысы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| 6 | - «Ауғанның от жалыны» Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу.<br>-«Ана-өмірдің шуағы !» құттықтау бұрышын дайындау<br>- Қызға қырық үйден тыю (қыздар жиналысы)<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | Оқушыларға тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып,Отансүйгіштікке , ерлікке баулу | Отан | Ақпан | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып жетекшілер ДТІЖО | ДТЖО<br>Тәлімгер<br><br>Сынып жетекшілер<br>Ұлан басшысы |
| 7 | - 1 наурыз «Ел жұртының алғысына бөленген жандар» іс-шара<br>- 8-Наурыз мерекесіне байланысты «Ана- өмір тірегі» тақырыбында мерекелік кеш.<br>- Көктем аруы - 2021 | Оқушыларға достық, өзара сыйластық ұғымдарының | Руханият | Наурыз | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br><br>Сынып жетекшілер |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | - 8-Наурыз мерекесіне байланысты қабырға газеттерін, бұрыштар ұйымдастыру.<br>- « Наурызым – ұлыс берекем!» тақырыбымен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерексін ұйымдастыру.<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | адамгершілік құндылықтарын ұғындыру | Руханият | | | жетекшілер ДТІЖО | Ұлан басшысы |
| 8 | - «1- сәуір» күлкі күні іс- шара<br>- «7 - сәуір» Дүниежүзілік денсаулық күні. «Толағай»<br>- Мектеп оқушыларын «Жасыл желек» көгалдандыру жұмыстарына тарту.<br>- «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушылар тізімін жинақтау.<br>- Оқушылардың күнделігін тексеру | Оқушыларды отан сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін білуге тәрбиелеу | Салауат<br>Еңбек<br>Руханият<br>Отан | Сәуір | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Сынып жетекшілер ДТІЖО | ДТІЖО Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер<br>Ұлан басшысы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | -«1- мамыр бейбітшілік мерекесі» Ұлттар достығы мерекелік іс-шара<br>- Мерекеге байланысты қабырға газеттерін, бұрыштар ұйымдастыру.<br>- «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастыру<br>- «Соңғы қоңырау» мерекесін ұйымдастыру.<br>- «Жас Ұлан»балалар мен жасоспірімдер ұйымының жылдық есебін талқылау.<br>- «1 Маусым – балаларды қорғау күні» | Оқушылард ы тілін сүюге, оны қадірлеуге, құрметтеуге баулу.Тіл құдіретін, қасиетін білуге тәрбиелеу. | Руханият<br>Отан<br>Отан | Мамыр<br>Маусым | Тәрбие орталығы | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері<br>Сынып жетекшілер<br>ДТІЖО | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Ұлан басшысы |